



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ АВТОР-НАРРАТОР
КЕЙІПКЕР РӨЛІ**

Усман Ардақ Анарбайқызы

Ardakusman@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі және әдебиеті
мамандығының 1- курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Үсен А.Ә.

Нарратор дегеніміз (фр. narrateur - баяндаушы) – көркем шығармадағы баяндаушы немесе әңгімелеушінің атынан әдеби шынайы және ойдан шығарған кейіпкер, басқаша айтқанда **нарратор** - көркем туындыда тарихты мазмұндау, оқиғаны баяндау қызметтері бөлінген тұлға. Әлемдік әдебиеттануда қазіргі нарратология атты арнайы ғылыми саласы қалыптасқан.

Н.Г. Комлевтің сөздігінде нарраторға мынадай түсініктеме беріледі:

«Кейде нарраторлар драмалық шығармаларда да кездеседі, алайда әдетте баяндаушы пьесада әрекет етуші тұлға ретінде қатыспайды (прологта, эпилогта жиі); оған басқа әрекет етуші тұлғаларды немесе бұқараны болатын оқиға жайлы тікелей келісімімен хабарлау тапсырылады» [1].

Л. П. Крысинаның сөздігінде: «**Нарратор** дегеніміз (*латынша* - Nārrātor әңгіме айтушы, аңыздаушы) – көркем әдебиетте сол, кімнің атынан әңгіме баяндалады, әңгіме айтушы, аңыздаушы [2].

Французша - narrateur, ағылшынша - narrator, немісше - erzähler. – әңгіме айтушы, баяндаушы. Қазіргі заманғы құрастырушылардың пікірлерімен бөлісетін нарратологтар үшін, нарратор түсінігі аса ресми мінездеме береді, мысалы «нақты автор» [3].

Біздің пікірімізше, нақты автор – көркем туындыны жасаушы болып табылады. Мысалы, «Тұйық» романының авторы – Қалихан Ысқақ немесе «Қан мен тер» романының авторы – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Ал, автор бейнесі – оқып отырғанда оқырман санасында пайда болған ұғым.

Көркем шығармада нарратор, яғни баяндаушы немесе әңгімешінің орны ерекше. Нарраторлардың ерекшелігі оқиғаны жеткізулерінен айқындалады. Біреуі оқиғаны үшінші жақтан баяндаса, екіншісі оқиғаның қатысушысы ретінде көрінеді. Әдебиет зерттеушісі В.Е.Хализев: «Оқиғаны өз атынан тікелей баяндайтын адамды әңгімеші деу керек» - деген пікір жазады [4].

Ал, үшінші жақтан баяндайтын адам өзін бәрін білетін автор ретінде немесе белгісіз, жасырын әңгімеші ретінде көрсетуі мүмкін. Бірінші жақтағы баяншы тікелей автор да, нақты әңгімеші де, шартты түрдегі баяншы да болуы мүмкін. Осы жағдайдың әрқайсысында әр түрлі мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Енді бір жағдайда мәтіннің авторы өзінің нақты позициясын әр түрлі: өзі арқылы, жасырын автор түрінде, аты аталмаған басқа кейіпкерлер атынан да беруі мүмкін.

Баяндау тікелей мағынасында ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Бұл кезде берілетін ақпарат бейнелі, көркем түрде жетеді де, оған суреттеу, бейнелеу, портрет, пейзаж, хабарлау кіреді. Суреттеу кезінде баяншы оқиғаны, оның өту орнын, кеңістігін сипаттап, қосымша ақпарат, мәліметтер береді. Бейнелеу негізінен көркемдеу тұрғысында, яғни, оқиғаның өтетін орнының жекелеген, ерекше көріністерін суреттеп, ажарлай түседі. Сөйтіп, оқырманға әсерлілігін күшейтеді.

Әдебиет теориясында автор мен нарратор ұғымын дәйекті түрде қарсы қояды яғни автор туындыдан тысқары болса керісінше сол көркем туындының бөлшегі, онсыз баяндаудың болуы мүмкін емес. Әдебиеттегі мұндай тұлғаларда әңгімеші, баяншы терминдерімен атайды.

Нарратор түрлері көркем туындыда атқарар қызметтерімен ерекшеленеді, неге авторды

нарратордан бөліп қарауға болады? Оның екі түрлі әдісі бар: 1) Бір ғана автор әр түрлі туындыда түрлі мәнерді таңдайды. Мысалы, М. Әуезовтің «Көксерегі» мен «Қаралы сұлуын» алайық.

2) Әдеби туындының қайнар көзі ретінде автор нарраторды яғни тарихты оқиғаны әңгімелейтін нақты немесе жалған тұлғаны жасайды. Соңында көркем туындыда баяндалатын ойдан шығарылған оқиғаны нарратор шындыққа айналдырып, нақтылық сипат бере отырып, басынан өткендей, өмірде болғандай етіп жеткізеді. Нарратор автормен кереғар қалыпта ғана тұрмайды, бұл екі тұлға арасында түбегейлі айырмашылық жиі байқалады.

М.Әуезовтің шығармашылығы әдебиет үшін үлкен үйрену мектебіне, шеберлік, парасат мектебіне айналып отыр. М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы, поэтикалық әлемі, көркемдік дәстүрлері қазіргі қазақ әдебиетінің даму, ілгерілеу жолын анықтап, белгілеудің, сонымен қатар қазақ әдебиетінің бүгінгі күні жеткен биігі, асқан асуының да дәл және айрықша өлшемі бола алады. Бұған белгілі қаламгерлердің ой-пікірлері арқылы да көз жеткізуге болады.

Мысалы, М.Әуезовтың көркем прозасының басы 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» әңгімесі. Әңгімеде қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін, қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі жазған. Әңгіме әсерлі табиғат суретінен басталады: «С. Қаласының оңтүстігін жайлаған елдің қалаға қатынасатын қара жолының үстінде Арқалық деген тау бар. Даланың көңілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көріне дәмелендіріп тұрады. Жолдың аузында созылып жатқан көлденеңі он шақырымдай, бірақ ұзыны тәуір болғанмен еңсіз кереге сықылды жалғыз жал. Не бауыр, не сыртында ықтасын жер жоқ. Арқалық жадағай жалғыз болған соң, қыс күнінде жел терісінен соқса да панасы болмайды. Қыстың басынан екі жағын қар алып, жұмыртқадай қылып тегістеп тастайды». Арқалықтың осы түрі оқырманды бірден-ақ бір түрлі оқыс оқшау сезімге салып, сүреңсіз табиғаттың әлдеқандай бір беймәлім сырынан секем алғызады. Құлазыған құла түз, жалаңаш жол, қаһарлы қыс, бұрқаған боран... Бұл өңірдегі табиғаттың осы көрінісінің өзі-ақ әлдебір жұпыны, жоқ-жітік халдің хабаршысындай адамға ауыр ой салады. Сонда бұл сурет табиғат көрінісі емес, сол кездегі заман сипаты, адам тағдыр-тіршілігінің түрі тәрізденеді. Осындай әсерлі суретке жалғаса келіп, Күшікбай батыр туралы аңыз әңгімеленеді. Бұл да тартымды оқиға, әңгіменің фабуласымен ұтымды ұштасқан эпизод. Осы тұста жазушының екі түрлі қасиетін тануға болады: 1) өмірді бейнелеудегі шыншылдық; 2) ортаны танытудағы ұлттық ерекшелік. Осы екі қасиет әңгімеге нақтылық, нұсқалық, заттық сипат береді. Мысалы: «Күшікбайдың кім екендігін, бастан қандай дәурен кешкендігін әрі-бері өтіп жүрген керуеннің көбі білуші еді. Оларға білдіретін заманның шежіресі дәурені өтіп, кедейлік басқан, көңілсіз салқын өмірге түскен кәрілер болатын». Әсіресе соңғы сөйлемнен аңғарылатын шындық айрықша әсер етеді адамға. «Ақсақал мал қоралап болып жайланып, шайын ішіп, қазан аспаның аузында кейде жылтылдап, кейде лапылдап жанып жатқан отты көріп, бұрқылдап қайнап жатқан еттің исі мұрнына келіп отырғанда серпіліп әңгіме бастайды». Бұл үзіндіде, яғни суреттен танылатын тұрмыс-тіршілікте де, мінез-құлықта да айқын ұлттық бояу бар.

Күшікбай туралы аңыздан кейін әңгіменің арқауы басталады. Қаңтар айының батар күні дүниені қызыл сәулеге бөлейді: «Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл болса, одан алысырақ тұрғандары асыл нұрдың буын ғана жалатқандай... Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өңіне кіргізген, тіпті күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астында қызғылттанып көрінеді» - бұлардың бәрі пейзаж. Бұл жерде автор күннің қызыл сәулесін әдейі алып отыр. Әңгімеде жан-жақты көрінген бейшара жетімдердің жіңішкеріп, жұқарып барып үзілер соңғы үміт көріністері тәрізді. Бұл – символ. Ары қарай: «Күшікбайдан асатын қара жолдың үстінде Арқалықты бетке алып, қала жақтан бір пар атты келе жатыр. Жайдақ сары шанаға биіктеп салған жеңіл жүгі бар, жақсы киінген екі жігіт».

Автор жолаушының кескін-кейпіне ауысып, оны мінез-құлқымен салыстыра тағы да

суреттейді. Портрет жасауда да жазушының талғампаздығын, ұсталығын байқаймыз.

«Жолаушының бірінің торғын түсті жаңа тымағы бар. Қалың киімінің сыртынан киген сұр түсті шекпен, жағасы қара барқыт. Байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа қара етігі бар. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырза дегізгендей...» Бұл – Ақан. Жазушының Ақан мырзаның сырт түріне, киім киісіне дейін назар аударып, егжей-тегжей етіп беруде бір мәнді мақсат бар. Қаһарманның сырт бітімі арқылы оның қай жердің қазағы екенін ғана аңғартып отырған жоқ, қай мезгілдің адамы екенін дәл танытып тұр. Демек, бұл суретте уақыт пен кеңістік сыры жатыр. «Бұл жігіттің жасы 30 шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше каталдық бар. Кішкене мұрны көз-қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады».

Ақанға сыртқы түрімен де, ішкі сырымен де қарама қарсы образ – Ғазиза. «Сыпайы, нәзік өскен Ғазиза жіңішке, сұңғақ бойлы, аз ғана секпілі бар, дөңгелек ақ сұр жүзді. Жалғыз-ақ ұяң, жұмсақ қарайтын қара көзінде және ылғи шытынаған, кірбеңдеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр».

Осы Ғазизаның басындағы ауыр уайымның сырын жазушы терең ашып береді. Ғазизаның «уайымы осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік. Бұлардың басынан тағдырдың дауылы жаңадын ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған. Бұл әйелдердің қуаныш-қызығы да, үміт-қорғаны да сол суық қабірде жатқан Ғазизаның әкесі Жакып және кішкене бауыры Мұқаш. Иесіз қорада қорғансыз, қуатсыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда, маңайынан жиылған көрші-қолаң ғазиздердің сүйегін қабірге бергенін ойлағанда әрқашан Ғазизаның жүрегі шаншып, өңі қашып, көзінен ыстық жасы тамшылап кетуші еді».

М.Әуезовтің «Қилы заман» повесі. Жалпы, М.Әуезов эпикалық құлашы кең, қаруы мол қаламгер екенін ең алғашқы шығармаларының өзінде-ақ танытқан болатын. Алайда, жазушының алғашқы шығармаларында суреттелетін өмір, баяндалатын оқиға көбінесе төңкерістен бұрынғы кезең болғандықтан, сол тұста тақырыптың ескілігі авторға жалған кінә болып тағылған еді. 1928 жылы басылған «Қилы заманның» алғы сөзінде «аты басқа, заты бөлек, беті теріс адам» деген сияқты жалған айып тағылды да, байыбына бармай, ойланбай айтылып қалған сол бір сыңаржақ сынның салдары көпке дейін созылғаны белгілі. Тек 1979 жылы М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының екінші томында Ш.Айтматовтың алғысөзімен жарияланды.

Әдебиеттану ғылымында «Қилы заман» повесі туралы зерттеулер жүргізілмеді деп айта алмаймыз. Әсіресе повестің тарихи негізі туралы көп айтылып, молынан жазылды. Атап айтқанда, академик Ақай Нүсіпбековтың естелік-мақалаларында, Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың докторлық монографиясында, Т.Жұртбайдың «Бейуақ» атты кітабында, Фатима Ғабитованың «Алыптар тағдыры» атты күнделіктерінде мәселенің бір қыры жан-жақты әрі терең ашылған. Бұл авторлар М.Әуезовтің шығармасына арқау болған деректерді жинау мен талдаудағы өзіне тән ерекшеліктерін, тарихи шындықты классикалық көркем туындыға айналдырудағы хас шеберлігін сенімді дәлелдер арқылы баяндаған.

«Қилы заманның» жазылуына не түрткі болды деген мәселеге келсек, тарихшы зерттеушілер оның үш түрлі себебін атайды: біріншіден, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Ыдырыс Көшкінов тәрізді ел жақсыларының М.Әуезовке айтқан өтініш-ұсыныстары. Екіншіден, Қарқара өңірінде ұлт-азаттық қозғалыстың 10 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатқа қатынасқан тұңғыш қазақ театрының саңлақтары Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, Серке Қожамқұловтардың М.Әуезовке айтқан әсерлі әңгімелері деп пайымдайды. Үшіншіден, М.Әуезовтің нағашы жұрты жетісулықтар болғандығынан дейтіндер де жоқ емес.

«Қилы заман» повесінде Маусым жарлығына қарсы наразылық білдірген ауыл адамдарының қандай шешімге келерін білмей, дағдарған шағында жол көрсетуші

азаматтардың ішінен Ұзақ батыр дараланып шығады. Жәмеңке бастаған ақсақалдар ел басына күн туған қиын жағдайды жан-жақты талдап, ой таразысына сала отырып, ақырғы, қорытынды сөзді Ұзаққа қалдырғанда, ол жиналған жұртқа мынаны айтады: «- Ел аман еді, жайлауы жарасып еді.

М.Әуезов өз шығармасында Қарқара маңындағы босқан елдің қанды қырғынға ұшыраған халін дәл өзінде болғандай күйде мес, одан едәуір сыпайы, білгілі дәрежеде жеңілдетіп суреттейді. Әйтсе де, басы бірікпеген, ел ретінде мемлекеттік, саяси, әскери салалардың бәрінде де дәрменсіз халықтың қатыгез, озбыр, жауыз күштің шеңгелінде жазықсыз жайрап қалғанын жазушы суреткерлік асқан шеберлікпен бейнелеп көрсетеді. Қызыл бөрік болысы қазақтарының көтеріліс суреттері де мұрағат деректерімен толық сәйкес келеді.

Жазушы өз шығармасында халық көтерілісінің жалпы суретін, көтеріліс басшыларының азаматтық, ерлік рухын танытуға ерекше назар аударады да, жекелеген ел адамдарының, батырлардың тұрмыс жайын, үй ішінің шындықтарын толғай бермейді. Тек Ұзақ батырдың айналасына ғана едәуір кең тоқталады. Оның өзі де көтеріліс оқиғаларымен байланыстырылады. Ұзақ батырдың отбасын, туысқандық айналасын М.Әуезов шағын да болса шынайы суреттейді. Мысалы, Ұзақтың Бекей атты қызының басындағы қайғылы оқиға шығармада тұтастай тарихи шындықтан тамыр тартып жатады.

Қорыта айтқанда, М.Әуезов «Қилы заманда» халық бойындағы өрлікті, қорлыққа көңгісі келмейтінін, тәуелсіздікке құштарлығын паш етті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Комлев Н.Г. Словарь иностранных слов. – М., 2006
2. Толковый словарь иностранных слов Л. П. Крысина.- М: Русский язык, 1998.
3. Автор: нақты автор және имплицитті автор. Автор бейнесі.
4. Хализев В.Е. Теория литературы. М., 1999.

ӘОЖ 82-13

ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Файзолла Алпамыс Бауыржанұлы

Fayzolla.alpamys@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р. Тұрысбек

Қай-қай заманда да нағыз ақындар шығармашылығына ел қамы, халық мүддесі, ұлт болашағына қатысты өзекті мәселелерді арқау ету арқылы өз заманының ұлттық идеологиясын және ұлттық идеяны қалыптастырады әрі насихаттайды. Қазақ ақындарының ішінде Есенғали Раушанов өз шығармашылығы арқылы ұлттық идеяны жаңа бір қырынан, жаңа бір биігінен, жаңа бір көркемдік ерекшелік тұрғысынан жырлады деп айта аламыз. Мәселен, «Саяси емес өлең» атты диалог түрінде құрылған төрт-ақ шумақ өлеңін алайық. Мұнда ақыннан әлдебір жұмбақ сұхбаттасы шетелдерде кімі бар екенін сұрайды. Әкешесі, екі әжесі, бір ағасы кеткен елге өзінің де тартып кеткісі келетінін, дегенмен анасы «әзірше қоя тұр» деп хабар бергенін, туыстарының түсіне жиі енетінін айта келе автор ол елдің «Аспанстан», яғни о дүние екенін білдіреді. Өленді Е. Раушанов:

Шошып тұрам орнымнан, үңілем де,

Несін айтып тұр деме мұңын елге.

Қазақстан жерінен кетер болсам,

Тек сол жаққа кетемін түбі мен де, –[1, 286 б].

деп түйіндейді. Ақынның Отанға деген перзенттік сүйіспеншілігі, атамекенге деген мөлдір